

ӘОЖ 94(4/9)

¹А.А. Шөпеков, ²Л.Т. Избасарова*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, магистрант, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: izaaura88@mail.ru

**1914-1918 жылдардағы Батыс державаларының
сыртқы саясатындағы
Осман империясы және бұғаздар мәселесі**

Бұл мақалада Англия, Франция, Германия және Ресейдің Осман империясындағы мүдделері, Осман империясының дипломатиялық ұстанымдары, Осман империясына қатысты Ресейдің саясаты жайлы айтылған. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Константинополь мен бұғаздар батыс державаларының үлкен назарына ие болды. Ресей үшін Босфор және Дарданелл бұғаздарының әр уақытта да стратегиялық маңызы зор болды.

Түйін сөздер: Осман империясы, Константинополь, батыс державалары, Босфор және Дарданелл бұғаздары.

А.А. Chupekov, L.T. Izbassarova
**Ottoman Empire and channels in foreign policy
of the Western powers in 1914-1918**

This article about English, French and German interests are examined in Ottoman Empire in 1914-1918. The internal position and diplomatic position of this state, his place in the international arena.

Keywords: the Ottoman Empire, Konstantinopol, european powers, channels.

А.А. Чупеков, Л.Т. Избасарова
**Османская империя и проливы во внешней политике
Западных держав в 1914-1918 годы**

В статье рассматриваются английские, французские и германские интересы в Османской империи в 1914–1918 гг. Внутреннее положение и дипломатическая позиция данного государства, его место на международной арене.

Ключевые слова: Османская империя, Константинополь, западные державы, проливы Босфор и Дарданеллы.

1914 жылғы соғыстың басталуында екі қарсылас коалиция бір-біріне қарама-қарсы бағытталған күрделі дипломатиялық қарым-қатынасты дамытты.

Осман империясында билік алғашқыдан-ақ Антантаға тиесілі болған сияқты. Англия мен Францияның аталған елдің экономикасы мен қаржы саласына өте ауқымды қызығушылығы

болды. Эрнест Кассел Осман империясындағы ұлттық банкінің негізін салды және оны бақылады, аталған банктің директоры мұнай магнаты Гулбенкиан (1902 жылдан ағылшындарға бағынушы) болды [1, 57]. «Армстронг» және «Виккерс» Стениада және Алтын мүйісте Верфейлердің иесі болған. Иезмиде Верфимен жүзетін доктарды, арсеналдарды аяқтау келісім-

шартына ие болған. Едәуір танымал шетел фирмалары (Витал энд компани) және «Телефон» компаниялары Константинопольде ағылшын концерндері Смирна-Айдын теміржолдарын және оның тараптарын басып алып, пайдаланды. Олар Мерсинде мақта тазалайтын ірі фабриканы және Бирутта техникалық құралдар мен машина жабдықтары дүкендерін иеленді [1, 57-58]. Ағылшындардың мақта-матасы мен таскөмірі Осман империясының импортында жоғары бағаға ие болды, олар Бейшехир және Эгридир өзендерінде жүк тасу бойынша концессияларға ие болды. 1910 жылға қарай Басраға келген ірі кемелердің 96%-ы ағылшындарды сауда фирмаларына тиесілі болды [2, 28-29].

Француздарға қатысты айтатын болсақ, «Крезо» концерносы Осман империясынан екі сүнгүір қайық жасауға, Шантье де ла Медитэранэ алты эскадралық мина тасушыға тапсырыс алды. Константинопольдегі электр, телефон, су жүйесі, тауар қоймалары және докарларға, маяктарды басқару, Гераклеядағы көмір орындарына, «Балиа-Карайдин» мырыш, көмір өндірісіне, «Аргана» және «Ак Даг» синдикаттарына «Карвал майнз», «Пайлот», «Тагбоут энд сэлвэдж компани», «Сосьете иммобиалиер Оттоман» тағы да басқа компаниялар» бүтіндей немесе азғана бөлік су айлақтарына иелік етті [2, 29]. Теміржол торабы Пандерма-Сома-Магнезия, Смирна-Касаба-Эйфиум Карахиссар, Муданья-Бурса, Бейрут-Раяк-Дамаск, Раяк-Хомс-Хама-Алеппо, Триполи-Хомс және Яффа-Иерусалим және Бейруттағы ірі сауда үйлері француз кәсіпкерлерінің мықты тірегі болды. Осман империясының мемлекеттік қарызы түрік лирімен 143,2 млн болса, соның Францияға қарызы – 62,9%, Англияға – 22,3% болды. Осман империясының банктерінде үшінші республиканың саяси қызметкерлері немесе «Банк де Франстің» басқармасының мүшелері директорлар болды. Таяу Шығыс дипломатиясында мұндай директорлар Кэ д'Орсэ әрекет етуші күшінің сөзін қоштаушылары болды. Бұл Осман империясының мемлекеттік қызметінде өзіндік көрініс тапты. Бейтанис Жоли қаржы жағының бас инспекторы болды. Оның Отандасы полицияны басқарса, басқа біреу «Табакомонополи» концерннің басқарды. Ричард Крофорд кеден

басқармасын құрды. Х. Вудзы экономикалық кеңесші болды. Тағы да басқа ағылшындар министрліктерде кеңесшілік қызмет атқарды: Ішкі істер, Әділет, мемлекеттік азаматтық қызмет жанындағы қоғамдық жұмыстарда. Уинсент Кейлерт Осман империясының қарыз кеңесінің төрағасы, «Викерс» компаниясының басқарма мүшесі болды. Адмирал Лимпустің жетекшілігімен ағылшын теңіз қызметі флоттағы негізгі бағыттарды басып алды [3, 71].

1889 жылы Кайзер Абулхамит II ге барып жолыққаннан кейін Германия Осман империясына өзінен ерте келгендерге қарағанда едәуір жоғары көтеріле бастады. 1887-1910 жж. оның түрік импортындағы еншісі 6-дан 21%-ға дейін, Австрия Венгрия 13-21%-ға дейін көтерілсе, ағылшын тауарлары 60 пайыздан 35%-ға дейін, Француздардікі 18 11 пайызға дейін қысқарды. Сол кезеңдерде Француз капиталдары түрік кәсіпорындарында 25,9%, ағылшындар 16,9 шетелдік инвестицияны құраса тек қана Германияның капитал салуы 45,4%-ға жетті. Ол сауданы «Дейче Палестина банк» «Левант – контор» және ерекше Дейче Оренг банк» қаржыландырды. Бірлескен банктер мен «Дрезднер банк», Дискон-Тогезельшафт», «Шаафхаузеншер банкфрейн» және «национал банк Хюрдейчланд» Германияның әскери кәсіпорындары Круппа, Маузер зауыттары негізгі Осман империясы әскерін қамтамасыз етушілер болды. Осман империясының қарызында Германия акциялары 1881 жылы 4,7% өсті. Ол түрік қарыз алушылары арасында алтыншы орында тұрды. 1912 жылы Германия акциялары Францияға ғана жол беріп 20% құрады [4, 112]. 1914 жылға қарай Германия концерндері Константинопольдегі «Трамвэй компани», «Метрополией рейлвэй» сынды электрмен қамтамасыз ететін көптеген фирмаларын, «Алтын мүйістегі» жолаушы параходтары қызметтерін де, «Ост-эйропейше телеграфенгезельшафт», Хайдарпашадағы порттар мен су жүйелерін, Гераклея мен Аданадағы бірнеше шахталарды, Мерсин-Тарсус теміржолдарын бақылады [5, 61-62]. Александрет және Мирсин порттарында иелік ету үшін рұқсат алды. Бишехир өзенінде кеме жүздіру құқығына ие болды. Адана жазығында және Конья жазырасындағы су жүйелеріне, Урфадағы кілем фабрикасына, Аданадағы мақта-мата

фабрикасына, негізгі теміржол тораптарының кейбір бөліктеріне рұқсат алды. Палестина мен Сирияда кең көлемде сауда жасау мүмкіндігіне ие болды. Константинополь мен орталық Еуропаны жалғастыратын Берлин банктері «Винер банкфрейнмен» бірлесіп шығыс теміржол желісін иеленді. Сонымен бірге «Дейче-банк» Айдар Анатолия, Хайдарпаша-Измит-Анкара, Хамидие-Булу және Ескишехир-Кониа теміржолдарына ие болды. Шығыс теміржолдарын пайдалану компаниясы және «Банк Офорталрейлвейс» банкі, Осман империясының теміржол компаниясы Кониадан Бағдатқа және Басраға дейін теміржолдар жүйесін созуға мүмкіндік алды. 1914 жылға жақын Эфратқа қарай Алеппо, Александрет жаңа теміржол тараптары тартылды [5, 63]. Берлин-Бағдат теміржолы – орталық шығысқа дендеп енудің көрінісі әрі оның мақсаты – Таурустан мыс тасу, Киркукадан мұнай тасу болды. Күрдістаннан және Месопатамиядан жеміс, астық, мақта, жүн, темекі тасу, сонымен бірге Германия тауарларына арналған бай нарықты иеленуді көздеді. Парсы шығанағына дейін салынған осы жол арқылы Лондонмен теңіз жолы бойымен қиыр шығыстық, үндістандық, Таяу Шығыс сауда жолын назардан тыс қалдырып, оларды құрлық жолы арқылы Германияға беттеуге ұмтылды. Бағдат теміржол компаниясы Германияның экспорттық өндіріс салаларымен, ауыр және электр құрылыс орындарымен тығыз байланыста болды.

Германияның Осман империясын бағындыруы көп жағдайда ішкі себептермен түсіндіріледі. 1908 жылғы буржуазиялық төңкерісте Абдулхамит II-нің феодалдық жүйесін «Бірлік және процесс, алға ұмтылу» жас түрік комитеті құлатты. Бірақ нәтижесінде аздаған өзгерістер ғана орнады. Ескі жүйеге қарсы бағытталған төңкерісінен кейін, 1913 жылғы қаңтарда диктатура орнады. Абдулхамит II-нің ізбасары 72 жастағы Мехмет V ешқандай билікке ие бола алмады. Парламент жасанды қуыршақ болды. Билік триумвираттың қолында болып, саяси террорды жалғастыра берді.

Триумвират мүшесінің бірі – Джемал паша теңіз министрі әрі Стамбул губернаторы, полиция басшысы, сонымен бірге заңды жоюшы және алыпсатар ретінде танымал болды. Талаат пашаның күші мен ептілігі адам таңғаларлық-

тай жауыздықпен астасып жатты, қарапайым телеграфистен Ішкі істер министрлігінің төрағасына дейінгі жолдардан өтті. Энвер паша болса осы үштіктің ең үздігі, әскери министр бола тұра ол, өзін-өзі бас штабтың басшысы қызметіне қойды. Ол жүздеген жас офицерлерді жұмыстан шығарып түрмеге қамау арқылы өзінің саяси қарсыластарынан құтылды.

Ағылшындардың, француздардың, италияндықтардың, немістердің елде өз түрмелері, мектептері, пошталық конторлары, елшіліктері болды. Қарыз операциялары бойынша елден 7426 мың түрік фунт стерлингті алынды.

Әкімет билігінің шетелдік азаматтардан салық алу құқығы нөлге тең болды. Сондықтан да 1913 жылғы Осман империясындағы өндірістерді мадақтау заңы сәтсіздікке ұшырады. Жергілікті өнеркәсіп сырттан әкелетін тауарлардың қасында қорғаусыз тұрды. Кедендік салық өте төмен болды, (11%). Ішкі сауда шетелдіктер иелігінде немесе гректер, армян және еврейлердің делдал саудагерлерінің қолында болып, олар тауарларын ең арзан бағамен берді. Бұл жағдайлар жергілікті фирмалар қызметінің қол-аяғын байлады. 1911 жылғы Константинопольдегі саудагерлердің 70-і ғана түріктер болды. Елді кедейлік жайлады.

Осман империясы дүниежүзіндегі үлкен нарықтардың бірі болды. Осман империясы Германия капиталының ауқымды түрде енуіне, француз салымшыларымен қарама-қарсы келуі Вильгельм II-ге ерекше бақылау орнатуға мәжбүр етті.

Лондон, Париж, Петербург Осман империясындағы жаңа режимді мойындаудан бас тартып, ішкі оппозицияны қолдады.

Франция өзінің билігін Сирия, Ливан, Палестинада бекіте түсіп елдің басқа да бөліктеріне ене бастады. Англия Эгей аралдарында, Балқанда жаңа шекаралар орнатып, Парсы шығанағында және Парсы елінің жарты аймағына және Египетте өз бақылауын кеңейтті. Ресей Осман империясымен бірнеше рет соғысып Болгарияны, Румынияны азат етіп, армяндарды қолдап, Солтүстік Парсыға жылжып, Константинопольмен бұғаздарға қолын созды.

Бір жағынан, Германия еуропалықтардың бірде-бірі Осман империясының жерін басып ала алмағандығын айтты. Жас түріктердің соншама жеккөргеніндей жас империалистік мемлекеттің бірі ретінде ол жеңілу жүйесінде айтарлықтай рөл ойнаған жоқ. 1913 жылдан Антанта өзінің Осман империясын бөлу саясатын жүргізуді бастады. Германия өзінің бұрынғы жағдайын сақтап қалуға бар күшін салды.

Кейіннен Джемал пашаны жазуға мәжбүр еткендей, «Германия Осман империясын саудасатығы пен саудасының жетекшісі ретінде қарастырады. Сондықтан да Осман империясын талан-тараж етуге ұмтылған Антанта билік жүйесінен қорғап қалды, тағы да себептері, Осман империясын шеттету, Германия үшін қоршау болып табылған еді, сол себепті Германия үшін темір құрсаудан шығатын бірден-бір жол – Осман империясын бөлшектеуден сақтау.

Германия дипломаттары Германияның «Территориялық қызығушылығының жоқтығына» нық сенді.

Константинопольде ағылшын үкіметінің билік жүйесін жою, Энвер пашаның 1913 жылы Германия қаржы ұйымының ұйымдастыруымен жасаған әрекеті сәтті аяқталды. Сөйтіп, Энвер пашаның әскери министрге дейінгі жоғары көтерілуіне және әскерге жеке бақылау орнатуына мүмкіндік берді. Осман империясының мемлекеттік құрылымының негізі әскерге байланысты болғандықтан, Энвер пашаның билігі шексіз болғаны сонша, тіпті, партия басшысы Талаат пашаның өзі Энвер пашаға тәуелді болды. Талаат паша оның жаулап алу жоспарларына әскери қолдау керек екенін, оны тек Германия ғана көрсете алатынын түсінді. Лиман Фон Сандерстің «Лиман-Пашаға» айналуы, Осман империясының әскер қатарындағы Германия офицерлерін жоғары қызметтерге, яғни Осман империясының маршалы және генерал инспекторы дәрежесіне тағайындау мүмкіндігіне ие болып, Константинополь айналасында түрік сарбаздарын оқытумен үнемі Германия айналысты.

Сөйтіп, Осман империясының экономика және қаржы жүйесіне Англия мен Франция белсенді түрде араласа бастаған кезде, Германия әскери және саяси жүйелерді қолға алды. Осман империясы Сараеводағы өлімнің қарсаңында

Германия империализмінің тыңшысы қызметін атқарды.

1914 жылы Джемал паша батыстың ұстанымына сене отырып, Парижге барды, онда ол Францияның Сыртқы істер министрі Вивианимен бірнеше рет әңгіме жүргізді. Оның келген мақсаты, бір жағынан, Осман империясын Антантаның құрамына кіргізу, бір шетінен Ресейден қорғау мәселесін қозғады [6, 101].

Франция мен Англияның көзқарасы тарапынан бұл талаптар орындалмайтын болды. Англия мен Франция Балқан елдерінің коалициясын құру үшін Грекияны қолдау мақсатын жасады. Осман империясы есебінен, Ресейге қарсы шығуға кепілдеме беретін, Осман империясымен одақтасу емес, бұл коалицияның ең басты мақсаты Ресеймен одақтасу болып табылды. Соның салдарынан Вивиани келіссөздерден қашқақтады.

Германия генералы Сандерс: «Осман империясы бұғаздарды сақтап қана қоймай және өз шекарасын қорғап, Еуропадағы әскери қимылдарда белсенділік танытып, Ауғанстан тарапынан, Үндістанға қауіп төндіріп, Закавказьеде тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына мүмкіндік жасап, Парсы елін азат етіп, Египетті жаулайды», – деп есептеді. Осман империясы Вильгельм II үшін мұсылмандарды Англия, Франция, Ресейге қарсы көтеруге тиіс еді. Дарданеллдің жабылуы батысқа Ресейден келетін астық ағынын тоқтатып, экономикасын құлдыратып, «Виккерс» және «Крез» компанияларының Ресейге қару тасымалдауын тоқтатып, оның әскери қабілетін тежеу керек еді.

Энвер паша Мольтке бас штабтың басшысымен шілденің басында Берлинде кездесті. Джемал паша Парижден құр қол келгеннен кейін, түрік-неміс келіссөздерінің жобасын көріп, «екі тәуелсіз мемлекет арасындағы тамаша келісім», – деп тауып, ойланбай оны қабылдады. Тізе бүгудің күшін жою үшін, келіссөздердің талаптары бойынша Германия Осман империясына қолдау көрсетуді өз міндетіне алды, Болгариямен жеткен жетістік Балқандағы жаулап алынатын территорияларды бөлу кезінде Осман империясының мүддесіне сай келісімдер жасау болды, егер Грекия Орталық ірі мемлекеттерге қарсы шықса Эгей архипелагын қайта қайтарып

алуға мүмкіндігі туындайды. Келіссөздерге сәйкес Ресейдің есебінен Осман империясының жерлерін кеңейту қарастырылды. Сөйтіп, соғыс кезінде «сәйкесінше соғыс шығынын» алу үшін мұсылман халқымен тікелей қарым-қатынасқа түсуін қамтамасыз етті. Өз кезегінде Осман империясы австриялықтармен, немістермен бірігіп Ресейге қарсы соғысуға міндетті болды. Бұл туралы құжаттарға 2-6 тамызда құпия түрде қол қойылды.

Осман империясы әскери қарым-қатынаста өте әлсіз болды, оның тез арада соғысқа қатысуы орталық ірі мемлекеттерді қиын жағдайда қалдырды. Бастапқы міндеттемесі бойынша Осман империясының Ресейге қарсы соғысуы үлкен соғысқа қатысуға мәжбүр етті. Осман империясына жаңа ғана қол қойылған келісімдердің үлкен күшке ие емес екендігін дәлелдеу жеңіл болды. Германия мұндай жағдайда Осман империясына әсер ететін күшке ие болмады.

Осман империясы өзінің әскери жағдайын түсіне отырып Антантаға мүше елдермен, Германиямен бұлтару, жалтақтау саясатын жүргізе бастады. Осман империясының экономикасы мен Қара теңіздегі бұғаздарда шетел капиталы үлесінің әсер етуі айқын болды.

Константинопольдегі Франция елшісі Бом-паруге, қаржы министрі Джавид мырза Германияның берген уәдесіне қарама-қарсы қойып салыстыру үшін, 15-20 жылға Осман империясына территориялық жағынан тиіспеуге, жеңілістің күшін жоюға байланысты кепілдеме хат беруді өтінді.

Джемал паша ағылшын дипломатиялық өкілдіктеріне өз талаптарының тізімін ұсынып, біз Осман империясы Антантаға қосылуымыз мүмкін деп ашық түрде мойындады. Дәл осы кезде Энвер паша орыс әскери атшашелерімен құпия түрде, патшамен 5-10 жылға одақтас болуды ұсынды. Нәтижесінде Осман империясы салтанатты дипломатиялық одақтастық туралы келіссөз жүргізген Австрия-Венгрия империясының есебінен және оған қарсы шығатын, Оңтүстік-Шығыс пен Орта-Шығыс блогы пайда болар еді.

Ресейдің билік басындағы атқарушы топтардың Константинополь мен бұғаздар үшін күресі дәстүрлі еді. Сол мезетте Германияның Осман империясын іштей бағындыруымен

қоса Германияның көмегімен Осман империясын қайта қаруландыруы, бұл күресті күшейте түсті. 1913 ж. Германияға бұғаздарды беру, Ресей оңтүстік аймағының экономикалық дамуын бұл елге таңу болып саналады деп патшаға Сазанов ақпарат берді. Сондықтан да ең маңыздысы Константинопольді басып алу болып саналды. 1914 ж. 21 ақпанда патша Николай II-нің қолдауымен, Сыртқы істер министрі, әскери және теңіз министрі бірігіп: «Шығыс мәселесін» шешу мақсатымен, үлкен еуропалық соғыс болған жағдайда, Дарданелл мен Босфор бұғаздары және Константинопольге Ресей билігін орнату арқылы» шешім қабылдады.

1914 жылы шілдеде әлемдік дағдарыс кезінде, Ресейдің бас штабы Осман империясына, орталық ірі мемлекеттерге қарсы параллель іс-қимылдарды жойды. Әскери іс-әрекеттердің қажеттілігі саяси дәйектермен нығая түсіп, Осман империясының Антантаға қарсы соғысы, мына жағдайларға: Болгарияның Константинопольге деген қызығушылығын тудырып, Грекиядағы шиеленісті одан әрі өршітуге итермелейтін. Егер де олар осындай істер үшін қолдарына қару алса, жеңілмейтін Ресей қауіпті қарсыластарымен бетпе-бет кездесер еді. Сазанов Осман империясына үш ірі елдің жерлеріне тиіспеу туралы ұсыныс жасады. Кез келген дипломатиялық қатынастарды талқылауға дайын екендігін жариялады. 1913 жылы гректердің басып алған Лемнос аралын бейбіт түрде иеленуді, сондай-ақ Бағдат темір жолына рұқсат алуды және Германияның экономикалық жеңілдіктерін иелену үшін жеңілістерді өзгертуге бірінші болып қадам жасағысы келді. Осының барлығының орнына Осман империясы өз мойнына әскерін соғыстан шығарып және бейтараптылықты сақтау міндетін алды.

Осман империясының бейтараптылықты сақтауы, Англия мен Франция үшін де оңтайлы болды. Сазановтың ұсыныстары территориялық кепілдемесі ғана қанағаттандырылды. Оның Грекияны Лемнос аралынан бастартуға итермелеуі және Эпир территорияларын беру туралы ұсыныстары, Италия мүддесіне анық түрде қарсы келді. Осындай жағдайда Ресей аз шығындалып, ал Антанта болса көп шығынға ұшырайтын еді. Таяу Шығыста Германия өз экономикалық және қаржылай түрде әсер етуден қол үзсе ғана Ресей ұтатын еді.

References

- 1 Poletika N. P. Vozniknovenie pervyi mirovoi voiny. – M., 1964. – P. 348.
- 2 Gotlib V. V. Tainaya diplomatya vo vremya pervyi mirovoi voiny. – M. : Sostegiz, 1960. – P. 603.
- 3 The First World war and international real. – SPb, 1995. – P. 608.
- 4 Yerusalimskii A. S. Vneshnya politika i diplomatya germanskogo imperializma v konste XIX veka. – M.: Sostegiz, 1963. – P. 357.
- 5 Notovich F. I. Zahvatnicheskaya politika germanskogo imperializma na Vostoke v 1914-1918g. – M.: Sostegiz, 1947. – P. 274.
- 6 Istorია pervoi mirovoi voiny 1914-1918 gg. T. 1-2 / Pod. red. I. I. Rostunova. – T. 1. – M.: Mysl, 1975. – P. 326.